bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# 1 цифры және санымен танысу

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 21.06.2019 | https://bilimger.kz/58475/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Матқазиева Жанат Коишибаевна**

**Мақсаты:** а) Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікті орналасуын анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында);

ә) Геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру; 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру; үлгіні пайдалана отырып, 1 санын жазып үйрету;

б) 1 цифрын өзге сандардың арасынан табу.

**Билингвальді компонент:**Шеңбер- круг

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | **Сәлемдесу**<br>**Шаттық шеңбер:**<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнайды,<br>Әлемдегі бар адамға,<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>**Жаңылтпаш**<br>Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім<br>Неше кіші ішік піштім.<br>Тосын сәт: «Хат» келді.<br>Балалар бізге бүгін хат келіпті.Сол хаттың ішіндегі тапсырмаларды орындайық. | Үш тілде сәлемдеседі..<br><br>Шаттық шеңберді тәрбиешімен бірге орындайды.<br><br>Жаңылтпашты қайталап шықты.<br><br>Хат ашылып оқылды. |

| | | |
|---|---|---|
| Іздену ұйым-дастырушы | **Есеп орталығы**<br>Тапсырмалар:<br>Оң жақтағы кірпінің үстіне 1алманың, сол жақтағы кірпінің үстіне 2алманың суретін сал.<br><br>Топтастыру<br>2.Жұмбақ жасыру:<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар<br>Атын оның атаңдар?<br>1.Шеңбер неге ұқсайды?<br>2.Ал енді алдымыздағы пішіндердің ішінен шеңберді көрсетейікші.<br>Дәптермен жұмыс<br>Бір-бірден ғана салынған суреттерді боя.<br>Д/О: «Кім жылдам»<br>Өзін-өзі бағалау.<br>Сергіту сәті.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы,<br>Сау саламат болайық<br>**Сөздік жұмысы:**шеңбер, шаршы сөздерінің мағынасын түсіндіреді.<br>**Билингвальді компонент:**Шеңбер- круг сөздерін қайталау. | Тапсырманы дұрыс орындап шықты.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Заттарды топтастырды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Шеңбер<br>Допқа ұқсайды<br><br>дәптермен жұмыс орындалды.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br><br><br>Сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлексивті түзетушілік | Балалар, біз қай орталықта болдық? Мұнда не үйрендік<br>Сендерге бүгінгі оқу іс-әрекет ұнады ма?<br>Неліктен? | Балалардың жауабы тыңдалды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:**Сандарды дұрыс атай білу керек. **Нені игереді:** Оқу іс – әрекетке деген қызығушылықтары **Нені біледі:** Теледидарды құрауды үйрену керек.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.